ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
«ПАНФИЛОВ АУДАНАРАЛЫҚ КӨПСАЛАЛЫ АУРУХАНАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 15 маусым № 156 -н Жаркент қаласы

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 508-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасына сәйкес «Жобалау және іздестіру жұмыстарын» сатып алу бойынша "Салтанат-М" ЖШС мен шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Қалабек Қ. мемлекеттік сатып алу есепшісі:

2.1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;

2.2. Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;

2.3. Шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойнына аламын.

Директор **А. Еликбаев**